



№ 53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы

Ортаңғы «Әсел» тобы

## ЕРТЕҢГІЛІК

«АЛТЫН КҮЗ, әсем айналам,

Еліне береке сыйлаған»

Тәрбиешілер: Есенбаева М.О.

Сабанбаева Э.С.

2022 жыл.

## **Шығу:**

Балалар муз залға қатармен бір – бірінің қолынан ұстап, кіреді. Қатармен шеңбер болып қимылдар жасап жартылай шеңбер болып тұрып қалады.

Тәрбиеші: Армысыздар ағайын!

Бүгін біз жыл мезгіліндегі ең тамаша «Алтын күз, әсем айналам, Еліне береке сыйлаған» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

Бұлттар төгіп жерге шөгіп,

Дымқыл тұман басады,

Шөп сарғайып, өңі тайып,

Дала сұры қашады.

Бой жаза алмай, ойнай алмай,

Денең мұздап тоңады.

Ал балалар, айтындаршы

Бұл қай кезде болады?

Балалар: КҮЗ мезгілінде.

Олай болса күз мезгіліне арналған тақпақтарымызды айтайық.

### **3. Нұртілеу.**

Келді міне күз,

Айнала сары түс.

Керемет, тамаша,

Қандай әсем күз.

### **А.Ерасыл.**

Жетті желмен алтын күз,

Жеміс жинау салтымыз.

Жиып-теріп болған соң,

Той жасайды халқымыз.

### **Б. Жансұлтан**

Жел тынымсыз гуілдеп,  
Болып кетті тым бұзық.  
Шуылдайды тал, терек,  
Жапырағын жұлғызып.

### **К.Карина.**

Қарашы күз келді, күз келді  
Жапырақ жауыпты іздерді.  
Құс біткен керуен тізеді,  
Қара бұлт қабағын түйеді.

### **Т. Мансұр.**

Жайдары күз, жомарт күз,  
Аяулы күз, алтын күз.  
Дәнге толы кең далам  
Дариядай шалқып жүр.

### **Т.Нұрасыл.**

Сап – сары ғып даланы,  
Бояпты ғой күз деген.  
Құстар қанат қағады,  
Қоштасқандай бізбенен.

### **И.Рамазан.**

Келді міне күз,  
Айнала сары түс.  
Керемет, тамаша,  
Қандай әсем күз.

**Ж. Нұржас.**

Жеміс-жидек пісті,

Қамбаға астық түсті.

Қызу жұмыс басталып,

Жинап алды жан салып.

Ән: «Әңгелек».

(Ән айтып болған соң орындыққа отырады. Тәрбиеші: Ал, балалар, балалар,

Енді бері қарандар,

Бізге қонақ келмекші

Сендерді сынап көрмекші

Әуелі жұмбақ жасырам,

Құлығымды асырам

Таба алсаңдар шешімін

Қонағымды ортаға шақырамын.

Көк майсалы көрікті,

Алқаптағы көп егін,

Бұл күндері киіпті

Сары жібек көйлегін.

Бұл не балақайлар?

Балалар: КҮЗ

Тәрбиеші: Әрине ортаға ендеше күз ханшайымын шақырайық.

(Осы кезде залға музыка әуенімен Күз ханшайымы кіреді).

Күз ханшайымы: Балалар, мереке құтты болсын. Сендер қандай әдемі болып тұрсыңдар. Мен сендердің мерекелеріңе арнайы келдім. Жай келгем жоқ. Өзімнің күзгі бағымнан сендерге арнайы сыйлық ала келдім.

Тәрбиеші: Күз ханшайымы сыйлықты бермес бұрын біздің қыздарымызбен өзіңіздің күзгі жапырақтарыңызды алып бір би билеп алыңыз.



Би: Барлық қыздар. (Жапырақтармен билейді).

Тәрбиеші: Ал енді біздің балаларымыздың сізге арналған тақпақтарын қабыл алыңыз.

**М. Мариям.**

Сап-сары маңай,

Сап-сары тоғай.

Соңғы әнін айтып,

Құс кетті қайтып.

**М.Альтайр.**

Алақай! Алақай!

Шаттанды балақай!

Күз түсті, дән пісті.

Айтамыз алғысты.

**М.Нұрасыл.**

Көк майсалы көрікті,

Алқаптағы көп егін.

Бұл күндері киіпті

Сары жібек көйлегін.

**И.Мырзағали.**

Берекесін сыйлауға,

Өлкемізге күз келді.

Жемістерін жинауға,

Шақырады біздерді.

**Х.Аянат.**

Алтын, сары, қызыл, көк,

Алуан-алуан жапырақ.

Күзгі бақта күлімдеп,

Көз тартады атырап.

Тәрбиеші: Күз ханшайымы ұл балаларымыздың биін тамашалайық.

Би: «Қозықұйрық». Макар, Алтайр, Нурасыл, Ерасыл, Жансултан, Нуржас.(бастарына қалпақты кигізу керек).

Тәрбиеші: Келесі тақпақтарға кезек берейік.

### **Ш.Нурислам.**

Күзде дала жаурайды,

Көкте бұлттар ауцнайды.

Бұтағынан үзіліп,

Жапырақтар саулайды.

### **Н. Жәнібек.**

Күзгі әуен жастардың,

Жүрегіне нұр құйды.

Нұрға бөлеп өмірді,

Жырға бөлеп көңілді,

Жарқыраған сәулелі

Күз әуені төгілді.

### **А.Абдурахман.**

Сап-сары маңай,

Сап-сары тоғай.

Соңғы әнін айтып,

Құс кетті қайтып.

Тәрбиеші ал енді ойынға кезек берейік.

«Кім шапшаң».

Осымен ертеңгілігіміз аяқталды.



№ 53 «Ер-Асыл» бөбекжай-бақшасы

Ортаңғы «Әсел» тобы

Ертеңгілік

**«Төрлет, төрлет, жаңа жыл!»**

Тәрбиешілер: Есенбаева М.О.

Сабанбаева Э.С.

2022 жыл.

**ЕРТЕНГІЛІКТІҢ МАҚСАТЫ:** Балаларға Жаңа жыл мерекесіне деген қызығушылықтарын ояту; Жаңа жылдық көңіл күй сыйлау; музыкалық нөмірлерді мәнерлеп орындауға үйрету; шығармашылық және коммуникативті дағдыларды дамыту; рөлдерді ойнау қабілетін жетілдіру; өздерін сенімді ұстауға үйрету.

### **КІРІСПЕ БӨЛІМІ**

*Жаңа жылдық әуен қосылып тұрады сахна сыртында Жезтырнақтың дауысы естіледі.*

#### **Жезтырнақ:**

- Ха-ха. Хи-хи. Қараймын, мына кішкентай ақымақ адамдарда мереке екен ғой. Балалар сыйлық күтіп жүр ма. Ха-ха! Қап бәлем, қоя тұрындар, көрсетемін сендерге! Болдыртпаймын мерекені! Аяз атаны күтіп отырған болар. Биылғы Жаңа Жыл мерекесі Аяз атасыз өтеді. Аяз Аталарың келмеген соң балаларың сыйлықсыз қалды. Сауап болды. Ха-ха-ха! Жақсылыққа келтіртпеймін, Жаңа жылға жеткізбеймін. Мен тұрғанда адамға, Мереке жоқ жалғанда. Ха-ха-ха! Хи-хи-хи!

#### **Жүргізуші шығады.**

- Сәлеметсіздерме құрметті ата-аналар, қонақтар! Келе жатқан Жаңа жылдарыңыз құтты болсын! Жаңа жылда жаңа бақыт тыныштық, Жаса, жаса, достық, бірлік туыстық. Құттықтаймыз келер жылды алдағы, Ескі жылмен қоштасайық біз ыстық,-деп Жаңа жыл қонақтарын қарсы алайық!

*Музыка әуенімен балалар топқа жұп болып кіреді.*

#### **Жүргізуші:**

Жылға шашу шашамыз,  
Тойлап көңіл ашамыз.  
Жаңа жылды қарсы алып,  
Би билеп ән саламыз!  
**Ән. «Тауда туып тауда өскен»**

Ән айтылып болған соң топқа Аққала жылап кіреді  
**Жүргізуші:**

- Ой мынау Аққала ғой! Аққала, не болып қалды, неге жылайсың? Бүгін мереке ғой.

#### **Аққала:**

- Сәлем достар! Қиын жағдай болды. Биыл Жаңа жылға Аяз ата келмейтін



болғандықтан, Жаңа жыл қарсаңында сендерді қуантайық деп сыйлықты әзірлеген едік. Сол сыйлықты мен алып келе жатқам. Кенет қатты, зілді боран соғып, сыйлықты жоғалтып алдым. Ал енді сыйлықтар қайда екенін білмеймін.

**Жүргізуші:**

- Аққала қайғырма, мұңайма. Қарашы, міне біз көппіз. Сыйлықты табамыз. Сен мұңайма. Сен бізбен бірге көңіл көтер. Жезтырнақ көрдің ба, естіп тұрсың ба Аяз Ата өзі келмесе де, біздің балаларға сыйлықтарды беріп жіберіпті. Солай емес пе, балалар. Аққала қане сен біздің балалармен бірге ойын ойнашы.

**Ойын: «Аққала».**

(Ойын ойналып болған соң, *Жезтырнақ қайта шығады*).

**Жезтырнақ:**

Не қылсаңдар да сыйлық жоқ бүгін сендерге. Естідіңдер ме? Жоқ сыйлық. Жоқ.

**Жүгізуші:**

- Бұл не сұмдық! Сен бізді қорқыта алмайсың Жезтырнақ. Біз бәрібір бүгін сыйлықты қалайда аламыз. Солай емес пе балалар. Енді қайттік а балалар?

(*Осы кезде әуен ойналады, сиқырлы таяғы бар Ханшайым шығады*).

**Жүргізуші:**

- Сәлеметсізбе, сұлу қыз! Атыңыз кім болады?

**Ханшайым:**

- Сәлеметсіздер ме, балалар! Мен ертегілер әлеміндегі Ханшайыммын. Неткен бәрің әдемісіңдер, сәнди киініпсіңдер. Бірақ неге көңілсізсіңдер?

**Жүргізуші:**

- Ханшайым, бізде қиын жағдай болып тұр. Аққала біздің балаларға Аяз Ата берген сыйлықты әкеле жатқанда жоғалтып алыпты. Ал Жезтырнақ болса мерекемізді бұзып, балаларға сыйлық жоқ деп мазамызды алып жатыр. Не істейтінімізді білмей тұрмыз.

**Ханшайым:**

- Көмектесем. Бірақ, бір өтінішім бар. Менің әбден ішім пысты. Бір көңілімді көтерсем деймін. Қане қыздар менімен билейсіңдер ме?

**Би: «Снежинки».** Түгел қыздар.

**Жүргізуші:**

- Тамаша! Рақмет, саған Ханшайым! Ал енді, біз жаңа жылдық ән айтсақ қалай болады? Олай болса біздің балалардан әсем әнді қабыл алыңыздар!  
**Ән. «Шырша жыры»**



**Жүргізуші:**

- Балалар, Ханшайым бәрі жақсы болады. Бірақ уақыт тығыз, жаңа жылда келіп қалды. Ал біздің балаларымыздың сыйлығы әлі табылмады. Не істесек болады екен а?

(Осы кезде топқа қолында домбырасы бар Алдар көсе кіреді).

**Алдар көсе:** - Балалар, келген кім? Сендер танысындар ма? Иә, бұл Алдар көсе ғой. Мүмкін ол бізге көмектесер.

**Алдар көсе:**

- Охо-хо, мына жерде қонақтар көп екен ғой. Барлықтарың қандай әдемісіңдер. Ой мен өзі қайда келдім? Қандай мереке болып жатыр?

**Жүргізуші:**

- Сәлеметсіз бе, Алдар көсе! Бізде Жаңа жыл мерекесі. Биыл Жаңа Жылға Аяз ата келмеймін деп, балалардың сыйлықтарын Аққаладан беріп жіберіпті. Ал Аққала қатты боран соққан кезде жоғалтып алыпты. Жағдайымыз қиын болып тұр.

**Алдар көсе:**

- Ал балалар, сендерге көмектесетін уақыт келді. Менің домбырам сиқырлы. Жақсы адамға көмектеседі, жамандарды жазалайды. Қазір мұны өздерің көресіңдер.

*Алдар көсе домбырасымен күй ойнай кетеді, ал Жезтырнақ билей кетеді..*

**Жезтырнақ:**

- Бұл не сұмдық! Тоқтат жаныңның барында, менің билегім келмейді. Тоқтат деймін. *Алдар көсе ойнағанын бірден тоқтатады, Жезтырнақ жерге құлайды.*

**Алдар көсе:**

- Құрметтім, сен не дедің? Мен шалыс естідім бе? Кәне, балаларға сыйлықтарын қайтар тез қайтар.

**Жезтырнақ:**

- Ойламаймын да! Болдыртпаймын мерекені! Ал енді сен Алдар қатып қал! (Алдар көсе домбырасымен сол жерде қатып қалады). **Жүргізуші:**

- Енді қайттік? Енді бізге кім көмектеседі?

**Ханшайым:**

*Уайымдамаңыздар. (Сиқырлы таяғымен түртіп қалады) Алдар көсе оянады.*

**Алдар көсе:**

*Жезтырнақ мен ояндым, енді сен жаман әдетті қоймасаң, тағы да сені билетіп қоям.*

**Жезтырнақ:**

- Жарайды, мен келістім. Енді бұдан бұлай жаман нарсе жасамаймын. Бірақ балалар шынымды атайыншы сыйлықтың жоғалуына менің түк қатысым жоқ. Маған сеніндерші.

**Жүргізуші:** Енді не істедік. Балаларға сыйлықты қайдан аламыз а? Бірақ қайда барып, қайдан іздейміз? А, а, а, балалар мүмкін ескі жылымыз барыс білетін шығар а?

(Осы кезде топқа Барыс кіреді).

**Барыс:** Құрметті достар! Сіздерді Жаңа 2023 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздерге келіп жеткен 2023 жаңа жылда жағымды жаңалықтар мен толағай табыс тілеймін!

Әр бір игі істер мен жаңа бастамаларыңызға сәттілік серік болып, отбасыңызға баянды бақыт пен бақ - береке келсін! Олай болса ортаға Жаңа Жылымызды шақырайық. Қане, бәріміз бірге. Жаңа Жыл, Жаңа Жыл, Жаңа Жыл

**Жүргізуші:** Түсінбедім, Жаңа Жылымыз неге келмей жатыр. Жаңа жылымыз міндетті түрде болады. А,а,а, балалар сендер өздеріңнің кішкентай сиқыршы екендеріңе сенесіңдер ме? Кәнекей бәріміз саусақтарымызды сықырлатып алақанымызды үрлесек сол кезде Жаңа жылымыз келеді.

*Саусақтарымен сықырлатып, алақандарымен үрлейді.*

Әуен ойналады, топқа Қоян кіреді.

**Қоян:**

Сәлеметсіздер ме!

Мен тұрмың қуанып,

Шатыққа бөленіп

Бір жыл бойы сіздермен

Дос болайық шаттанып.

- Ал енді маған дайындаған қандай өнерлерін бар?

**Жүргізуші:** - Қоян төрлетіңіз, біздің қонағымыз болыңыз. Сіздермен ойын ойнағым келіп тұр.

**Жүргізуші:**

- Олай болса, біз енді ата-аналармен ойын ойнайық.

**Ойын. "Кім жылдам".**

Ойын барысы: ойынға қатысушы ата-аналар екі топқа бөлінеді. Педагог әр топқа алдын-ала дайындалған қағаздан жасалған ұлпа қарларды береді. .

Педагог белгісінен кейін әр ойыншы кезек-кезек себетке ұлпа қарларды жылдам жинауы керек. Ең көп ұлпа қарлар жинаған адам жеңіске жетеді.

**Қоян:**

Балалар мен жаңа сендерге келе жатқанда жолдан сыйлық тауып алдым. Сол сыйлықты сендерге берсем деймін.



**Аққала:** Ия, ия, осы сыйлық мен жоғалтып алған.

**Жүргізуші:** Міне балалар, сыйлықтарың табылды. Олай болса қане сыйлықты алу үшін, тақпақтарымызды айтып берейік.

### **Тақпақтар.**

#### **М.Альтайр.**

1. Әдемілеп біз ілген,  
Ойыншықтар тізілген  
Қандай жақсы шыршамыз  
Ән шырқайық баршамыз

**А.Хадиша.**

2. Жаңа жыл, Жаңа жыл  
Жаңа жылда жаңа жыр  
Жасыл шырша жанында  
Билеп барлық бала жүр

**А.Ерасыл.**

3. Тамаша, тамаша  
Шыршамыз тұр жараса  
Басында әсем жұлдызы  
Көз тоймайды қараса

**Т.Нұрасыл.**

4. Дала нұр, қала нұр  
Құтты болсын Жаңа жыл  
Жасыл шырша жанында,  
Билеп барлық бала жүр

**Т.Мансур.**

5. Сақалы аппақ күмістей  
Тістері аппақ күріштей  
Нұр жайнаған ажары  
Сағындық аяз атаны

**С.Балым.**

6. Мол сыйлықпен келер ол  
Шырқатып ән салар ем  
Жылдамырақ келсе екен  
Бізге сыйлық берсе екен  
Б.Жансултан.

**7. Тамаша тамаша!**

Шыршамыз тұр жараса  
Жаңа жылда ертегі  
Келе ме біздің бақшаға

**Ш.Нурислам.**

8. Қыстың күні көңілді

Көп қызықты көреміз  
Шығып алып далаға  
Сырғанақты тебеміз.

**А.Абдурахман.**

9. Шанамызға мінеміз,  
Мәз - мейрам боп күлеміз  
Жарысамыз бәріміз  
Жарасып тұр сәніміз

**Ж.Нуржас.**

10. Қорықпаймыз аяздан  
Шымшыса да бетімді  
Аппақ қарды кешеміз  
Киіп алып етікті

**Д.Ибрахим.**

11. Даламызға, қаламызға  
Жаңа жыл келіп кіреді  
Қартыңызға, жалпыңызға  
Жалынды сәлем береді

**З.Нуртилеу.**

12. Көрдiң бе Аяз атаны  
Аппақ екен сақалы.  
Аппақ екен мұрты да  
Аппақ екен шапаны

**И.Мырзағали.**

13. Тiлеймiн мен бар әлемге  
Дос көп болсын жанашыр  
Ата - әже, әке - ана.  
Құтты болсын Жаңа жыл

**Н.Жәнібек.**

14. Бүгiн бiз көңiлдiмiз  
Жаңа жылды қарсы алып  
Мерекеге келгендердi  
Құттықтаймыз ән салып

**К.Карина.**

15. Ән саламыз, би билеп,  
Жырдан шашу төгiлдi  
Бүгiн бiздiң Жаңа жыл,  
Қандай қызық көңiлдi

**Х.Аянат.**

16. Кең пейiлдi, мол мейiрлi  
Сағынышпен табысқан

О, алақай, аяз атай  
Келе жатыр алыстан

**С.Айлин.**

17. Даланыңда қаланың  
Думандатып отбасын  
Тағы, міне Жаңа жыл  
Қақты уақыт қақпасын

**С.Сундет.**

18. Жүзімізде күлкі ойнап  
Қанаттанды жанымыз  
Жаңа жылды біз тойлап  
Шаттанамыз бәріміз

**М.Нурасыл.**

19. Бізбен бірге ойнайды  
Жаңа жылды тойлайды  
Барлық бала бақытты  
Болса екен деп ойлайды.

**М.Жасмина.**

20. Жаңа жыл, Жаңа жыл  
Төгілсін жаңа нұр  
Сыйлығын сүйретіп,  
Келді міне, Жаңа жыл

**К.Макар.**

21. Ән саламыз, билеп,  
Жырдан шашу төгілді  
Бүгін біздің Жаңа жыл,  
Қандай қызық көңілді

**И.Рамазан.**

23. Аппақ тонға оранып  
Базарлықты мол алып  
Келді алыс сапардан  
Аяз ата оранып.

**М.Мариям.**

24. Аязды келіп қыс  
Алғашқы қар ұшты  
Аппақ болып үстіміз



Ақ қырау жабысты.

**Сезім.**

26. Далада қар борайды,  
Ақ мамыққа орайды  
Мұз болады қатады.  
Жып - жылтыр боп жатады.

**Аруна.**

27. Кел, балалар, тақпақты  
Тақылдатып айтайық  
Аяз ата таң қалсын  
Сыйлық алып қайтайық

**Ақерке.**

28. Аяз ата тыңдаңыз  
Тақпақ айтып берейік  
Ортамызда шыршамыз,  
Ойнап бірге, күлейік.

- Осымен Жаңа жылдық ертегіміз соңына жетті. Жаңа жыл әр біріңіздің отбасыңызға жаңа нұр, жаңа шуақ, табыс пен береке, қуаныш пен мереке алып келсін. Әрдайым қажырлы қайратыңыздан күш, жылы жүздеріңізден нұр кетпесін. Жаңа жыл баршамыз үшін берекелі, мерекелі жыл болсын.

Күлкісімен жеткізіп бабаға сыр,  
Қуаныштан салады балада асыр.  
Жұмбақтанып, жаныма жырды ақтарып,  
Елімізге қош келдің жаңа ғасыр.

№ 53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы

Ортаңғы «Әсел» тобы



**Ертеңгілік**

**Тақырыбы: «Ана - өмір шуағы»**

Тәрбиеші: Сабанбаева Э.С.

2023 ж.

## «Ана өмір шуағы»

Зал мерекеге сай безендірілген.

**Нұржас:** Көп ойландық, сыйлықты біз іздедік,  
Айтыңдаршы қай дүкенді көрмедік  
Иә, иә, иә

Көйлекке де ақша жоқ,  
Көлікке де ақша жоқ,  
Не сыйлаймыз аналарға біз енді.

Апай біз аналарымызға не сыйлаймыз енді?

**Жүргізуші:** Нұржас, мен көп ойлана келе сендердің аналарыңа сендердің концерттеріңе шақыру билетін сыйладым. Міне бүгін сендердің аналарың залда сендердің өнерлеріңді тамашаламақ болып жайғасып отыр. Қош келдіңіздер!

**Жүргізуші:** (баяу музыка әуені қойылып тұрады)

Бүгін тек сіздер үшін «Әсел» тобының балалары өнер көрсетеді.

Дүниеде ең кеменгер дананы,  
Ана табады, аялайды бағады.  
Сол үшінде құдіретіңе бас иіп,  
Құрметтейік қасиетті – ананы  
Ана, ана, ана!

Бүгінгі «Ана өмір шуағы» атты ертеңгілігіміз сіздерге арналады құрметті аналарымыз.

Ал ертеңгілігімізді ашып беру үшін бақшамыздың меңгерушісі Дильбар айымызға сөз кезегін берейік. (Апай сөйлеп жатқанда балаларды қатарға тұрғызамыз).

**Шығу:** (Залда жерде гүл тұрады (7-еу) тұрады).

**1-қатар:** ақ түсті гүлдер.

**2-қатар:** көк түсті гүлдер.

Ән қосылған соң залға ең бірінші **Сезім мен Марьмды** мен ұстап шығамын қолдарыңда 8-саны болады.

**1-қатар:** Нұржас, Аянат, А.Ерасыл. (Қолдарыңда бір-бір жүрек шар болады соны ұстап шығады. Жүрек шар ішінде «Ана өмір шуағы» деген жазу болады.)

**2-қатар:** Жансұлтан, Хадиша, Сүндет, Балым. (Қолдарыңда гүл).

**3-қатар:** Бойларына қарай қалған балалар тұрады. (Қолдарыңда гүл болады).

(Қатармен шығып, қимылдарды жасап болған соң қолдарыңдағы гүлдерді жинап аламыз).

**Жүргізуші:** Балалар қалай ойлайсындар бүгін біз қандай мерекенің құрметіне ертеңгілік өткізіп жатырмыз? /Ана/

Балалар ең асыл жан кім? /Ана/

Үнемі сендердің жандарыңда сендерді қорғаштап, демеу беретін кім? /Ана/  
Осындай мерекеде аналарыңның жүздеріне кішкене болса да, қуаныш



сыйлағыларың келе ме? /Иә/

Ендеше бәріміз аналарымызға арнап ән орындап берейік.

**Ән:** «Құттықтаймын ана»

**1. Нұрын төккен маған,**

**Шуағымсың сен**

**Құттықтаймын сені, қуанышыңмен**

**Бақытты ғой заман қандай көңілді**

**Мен тілеймін саған ұзақ өмірді.**

**Қ/сы:** Ля-ля-ля

**2. Аялаған мені ақ қанатың мен**

**Құттықтаймын сені салтанатың мен**

**Шаттандырған мені жұбанышым сен,**

**Құттықтаймын сені салтанатың мен**

(Ән айтып болған соң балалар орындыққа отырады.)

**Жүргізуші:** Балалар қар еріп, құстар ән салып, алғашқы гүлдер шығуда.

Адамдарға қуаныш сыйлайтын сиқыршы көктем. Олай болса мерекемізге көктемді шақырайық.

Музыка әуенімен залға (**Бұзақы бала**) кіреді.

**Жүргізуші:** Ой балалар, мен Көктемді шақырған сияқты едім ғой. Әлде мен шатасып кеттім бе?

**Бұзақы бала:** Көктемді білмеймін. Бұл мен бұзақы бала. Сендерде не болып жатыр? Бәрің неге жиналып алғансыңдар а? Мен бұзақылық жасаған кейін анам мені далаға қуып жіберді.

**Жүргізуші:** Ай-ай, Аның мазасын алатындай күн емес қой бүгін. Бүгін олардың мерекесі. Сондықтан сен Бұзақы бала бізбен бірге ертеңгілікте ән айтып, би үйреніп, аңанды барып құттықтағаның жөн ау.

**Бұзақы бала:** А, а, а солай ма мен оны білмеппін. Бірақ қойшы балалар аналарыңды құттықтамаңдар, маған қарандаршы мені анам далаға қуып жіберді. Сендердің де аналарың далаға қуып жібереді.

**Жүргізуші:** Сен олай айтпа. Біздің аналарымыз өз балалары үшін бәріне дайын. Оның дәлелі ретінде мен – аналармен «Ия, ия» «Жоқ, жоқ» деген ойын ойнағым келіп тұр.

1. Балаңызға әрқашан тірек сіз ба?

2. Балабақшаға апарасыз ба?

3. Тамағын уақытылы бересіз бе?

4. Бұзықшылық жасаса сіз әр уақытта төзесіз ба?

5. Балаңыз тамақ сұраса сериал көріп жатасыз ба?

6. Өскен соң мектепке барғанда ұрып, нұқып үйретуге барасыз ба?

7. Тәрбиелеу тәрбиешінің жұмысы деген кері тартпа сөзді айтасыз ба?

8. Сен апар, мен апар шаршадым деп ұрысуға дайынсыз ба?

9. Балаңыз үшін балаларды соғасыз ба?

10. Бала үшін асулардан асасыз ба?

Міне Бұзақы бала көрдің бе, біздің аналар өз балалары үшін бәріне дайын.

Сенің де анаң сен үшін бәрін жасайды. Бірақ сен анаңның көңілін қатты

қалдырғансың. Одан да сен бізбен бірге қалып ертеңгілігімізді тамашалап,



балаларымыздың өнерін көр. Анадңы құттықтайтын бір нарсе табылып қалар. Мен жаңа Көктемді шақырған едім. Сен сап етіп шыға келдің. Тағы да Көктемді шақырғым келіп тұр. Бірақ мен балалар қорқып тұрмын. Тағы да басқа біреу шығып кете ме деп. Балалар бұл жолы Көктемді жай шақыра салмай әндетіп шақырсақ қалай қарайсындар?

**Ән:** «Көктем келді».

**1.Көктем келді, көктем келді, сағына,  
Бүршік атты алма ағаштар бағымда.  
Біздің үйге ұя салды , алақай!  
Былтыр кеткен қарлығаштар тағы да.**

**Қ/сы:** Дала гүлге оранады,

**Түрлі түске боянады.**

**Нұрлы көктем келген кезде,**

**Табиғат та оянады.**

**2.Көктем келді, көктем келді, далама,**

**Қуанып жүр ата-ана да, бала да.**

**Қар-мұз еріп, жылғалардан су ағып,**

**Үйрек-қаздар жайылып жүр жағада.**

(Ән айтылып болған соң музыка әуенімен залға (Көктем) кіреді, ал **Нұржас, Мырзағали, Жансултан, Ерасыл, Рамазан, Т.Нұрасыл** биге (грибочки) киім ауыстыруға ) кетеді.

**Көктем:** Дала гүлге бөленеді.

Қуанышқа кенеледі.

Орман, торғай, бақтарда

Өйткені мен көктеммін

Құстар сайрай жөнеледі.

Шұғыламды төккенмін.

Барлықтарыңызды мерекелеріңізбен құттықтаймын. Денсаулық, қуаныш, сұлулық тілеймін.

**Жүргізуші:** Сيقىршы көктем, біздің шақыруымызды қабыл алып мерекемізге келгеніңізге рахмет.

**Көктем:** Мен қалай келмеймін. Бүгін сондай керемет күн - әжелер мен аналар мерекесі. Балалар мен сендермен бір ойын ойнағым келіп тұр. Қане, балалар мен сендердің әже, аналарыңның есімдерін білгім келеді.

**Жүргізуші:** Әрине біздің балалар әже, аналарыңның есімдерін біледі.

(Балалар жауап береді)

(Балалар шетінен аналарының, әжелерінің есімдерін айтып шығады).

**Көктем:** Қандай керемет есімдер. Көп - көп рахмет балалар сендерге.

(Осы кезде көктемнің телефоны шақырады).

**Көктем:** Ия, не сұрақ жапырақтар шықпай жатыр ма? Жануарлар оянбай жатыр ма? Оларға көмектесу керек. Қазір ұшып барамын. Мінекей балалар менің басқада жұмыстарым бар, маған кету керек. Бірақ мен сендерге босқа келмедім. Мен сендерге сيقىрлы көктем гүлін тарту етемін. Міне ол. Бұл гүлдің әр қайсысының ішіндегі бір күлтешесінің түсі басқа түс. Міне сол түсті апайларың тауып ішін ашып оқыса болады. Сау болындар.



**Жүргізуші:** Ал енді балалар мен жаңағы Көктем айтып кеткен гүлдің күлтешесін алып, біріншісін ашайын. Балалар бұл күлтешеде былай жазылыпты.

**1-күлтешеде: Би:** «Грибочки».

Нұржас, Мырзағали, Жансултан, Ерасыл, Рамазан. (Залда ортада отырады).

Т. Нұрасыл (сырттан шығады).

**2-күлтешеде: Ойын:** Ойынның аты «Менің балам».

**Ойын шарты:** Көз адамның айнасы. Қазақ халқы үшін адамның жан дүниесі мен мінез-құлқын танып білу үшін оның көзіне қарау жеткілікті болған. Қымбатты ата-ана, ал сіз өз балаңызды көзіне қарап, тани аласыз ба? Яғни мен сіздерге алдын ала өз тобымдағы балалардың көздерін ғана суретке түсіріп алып қағаз бетіне шығардым. Сіздер сол суреттерге қарап өз балаларыңызды тауып ала аласыздар ма? (**Ойын ойналып жатқанда залға коляскаларды қыздармен бірге орнына қойып шығу қажет, қыздар билейді .**)

**3-күлтешеде: Би:** «Қыздар қуыршақтармен»

1-қатар: Аянат, Сюзи, Хадиша, Марьям.

**Ортада тұрады:** Айзере, Жасмина.

2-қатар: Айсана, Балым, Карина, Айлин.

**4-күлтешеде: Би:** «Флешмоп»

1-қатар: Сүндет, Альтайр, Нурислам, Жәнібек,

**Ортада тұрады:** Т. Мансур

2-қатар: Ибрахим, Макар, М. Нурасыл, Або.

**5- күлтешеде: Ойын.** «Суретші Ана».

**Ойын шарты:** Қазір ортаға мен 8 аналарды шақырғым келіп тұр. Аналар сіздер алда келе жатқан мейрамға қандай сыйлық алғыларыңыз келеді. Мен өз басым қандай мереке болса да гүл алғым келеді. Гүлден ешқандай аналарымыз бас тартпайды деп ойлаймын. Ендеше сіздер дәл осы жылы жолдастарыңыздан қандай гүл алғыларыңыз келетінін суретке салу арқылы көрсетейік. Ал енді аналарымыз столдың екі шетіне жайғасып отырамыз. Көріп отырғандарыңыздай біздер арт терапияда сурет саламыз. Ал сурет салынып болғанша балаларымыздың аналарына арнаған тақпақтарын тыңдайық.

**5-күлтешеде: Тақпақтар.**

**1.А.Або.**

Мәпелеп мені өсірген

Ризамын мен өзіңе.

Ана деген керемет,

Сыйлап өтем өмірде.

**2.А.Ерасыл.**

Аялаған анашым,

Мәпелеген анашым.

Менің саған тілегім

Қартаймашы анашым

**3.А.Хадиша. Қ.Айзере**

Менің әжем, бұл әже  
Айтқан сөзі дәл әжем  
Аман болса көреді  
Қызығымды әлі әже

**4.Ж.Нуржас.**

Бәріңіз де анасың  
Біз үшін күн боп жансың  
Құтты болсын мейрамың  
Құттықтаймын анашым

**5.И.Мырзағали.**

Еркелеттің асырадың  
Мойыныңа асыламын  
Аман болшы ардақты анам  
Мен әрқашан қасыңдамын.

**6.И.Рамазан.**

Аспандағы айымсың  
Бақытыма балаған  
Құтты болсын мерекен  
Айналайын жан анам.

**7.Б.Жансұлтан**

Ақ жаулықты әжемді  
Ай жүзіне теңедім  
Мейірімін таусылмас  
Күн нұрына теңедім.

**8.Д.Ибраһим.**

Ана біздің күніміз  
Ана біздің гүліміз  
Аналардан тарайды  
Біздің ана тіліміз.

**9.М.Жасмина.**

Бесіктерін әнімен  
Тербетуде аналар  
Жасай берсін сәнімен  
Жер бетінде аналар.

**10.М.Нурасыл.**

Мен анамды сүйемін,  
Сөзің ойға түйемін.  
Анашымды ардақтап,  
Басымды оған иемін.

**11.Айсана.**

Ана пана,  
Ана дана.  
Өмірді әкелетін,  
Ана ғана!!

**12. Ш.Нурислам.**

Әр сөзімді жаттаған,  
Жүрегімде сақтаған,  
Анашым деп мақтанам,  
Айналайын ақ анам!

**13.К.Карина.**

Біз доспыз гүлдермен,  
Текке оны жұлмаймыз  
Той күні бір-бірден  
Аналарға сыйлаймыз.

**14.С.Сундет.**

Ақ анашым, аппағым,  
Өзің жайлы тақпағым  
Өзің жайлы әнім де,  
Арнадым саған бәрін де.

**15.Сезім.**

Шашымды өріп тараған,  
Қабағыма қараған  
Үлкен кіші демейді  
Сыйлайды оны бар адам.

**16.Т.Мансұр.**

Ақ қабақты анашым,  
күн сәулелі анашым.  
Әлпештеген баласын,  
айналайын анашым.

**17.М.Альтайр.**

Анам, анам, ақ анам  
Мен өзіңдей ақ балаң,  
Айтқан тілінді аламын  
Жұмсағанда барамын

**18.С.Аделья.**

Анамыздың мейірлі  
Жүзіне біз қараймыз.  
Анамызды пейілді  
Жомарт жанға балаймыз.

**19.Х.Аянат.**

Ақ мамамды әрқашан,  
Сағынамын, сыйлаймын.  
Мейрам сайын мен оған,  
Түрлі сыйлық сыйлаймын.

**20.Т.Нурасыл.**

Мен гүлдерді жұлмаймын  
Торғайларды қумаймын  
Айтқан сөзін тындаймын  
Анашымды сыйлаймын



### **21.М.Марьям.**

Ана біздің күніміз  
Ана біздің гүліміз  
Аналардан тарайды  
Біздің ана тіліміз.

### **22. Балым.**

Той пердесін ашайық  
Тойға шашу шашайы  
Аналарды құрметтеп,  
Ән маржанын ашайық.

### **23.Жәнібек.**

Теңдесі жоқ данасың  
Арқа сүйер панасың  
Еңбегінді ақтаймын  
Аман болшы анашым

**Бұзақы бала:** Қандай өнерлі балаларсыңдар, мен енді анамның мазасын алмаймын мен дәл қазір барып анамды мерекесімен құттықтаймын. Жаңағы сендер айтқан әнді айтып берем. Рахмет сендерге Сау болыңдар.

**Жүргізуші:** Осымен біздің ертеңгілігіміз аяқталды. Сау болыңыздар.

№ 53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы

Ортаңғы «Әсел» тобы

**ТАҚЫРЫБЫ: "Бірлік түбі - береке"**

Тәрбиешілер: Есенбаева М.

Сабанбаева Э.

2023 ж.





**Шығу:** (Залда Т. Нұрасыл, Балым қазақша киіммен, М.Альтайр Карина өзбекше киіммен, Рамазан, Айзере чечен киімдерімен жартылай шеңбер болып тұрады. Әуен басталғанда кезегімен шығып билейді. Билеп болған соң қалған балалар қатармен бірінің қолынан бірі ұстап залға шығып тұрады. Барлығы бірге ән айтады.

Ән айтылып болған соң балалар орындыққа отырады.

**Залдың ортасына Нұржас шығады:**

Мамыр қандай, шіркін - ай, мамыр қандай!

Айнала жасыл кілем жамылғандай.

Алатауым басына ақ шәлі орап,

Мойнына гүлден алқа тағынғандай.

**Жүргізуші:** - Мамыр келсе халқымыз, Мерекені тойлайды.

Бейбітшілік, Еңбек, Мамыр жасасын!

- 1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күні. 1995 жылдың наурызында дүние жүзіне үлгі болып отырған, ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феномі - Қазақстан халықтары ассамблеясы құрылды. «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады» дейді қазақ мақалы. - Қазақстан мемлекеті көп ұлтты. Біздің елімізде жүз отыздан астам ұлттар тұрады: ұйғыр, кәріс, дүнген, өзбек, қырғыз, түрікмен, тәжік, армян, әзербайжан, украин, белорус, түрік, шешен және тағы басқа шет мемлекеттен келген ұлттар біздің елімізде тіршілік етуде. Біз олармен татумыз, доспыз және бір - бірімізбен қоян - қолтық аралас өмір сүрудеміз. Балалар біздер балабақшада барлық балалармен тату доспыз ия. Олай болса балалар, сендердің «Бәйшешек» тобындағы достарың келіпті. Олар құр келмепті. Өз өнерлерін көрсетпекші.

**Би:** «Орыс биі».

**Сүндет:**

Біз балдырған тең басқан!

Дос құшағын кеңге ашқан.

Тілегіміз әділдік!

Ашық болсын кең аспан.

**Жүргізуші:** - Әрқашан дос біргеміз,

Ажырамас іргеміз.

Ілгері жүріңдер,

Достық жырын біліңдер!- дей отырып, балалардың бүгінгі мерекеге арнап дайындаған әнін қабыл алыңыздар!

**Ән:** «Дос болайық бәріміз!»

Балалар сендер достық, ынтымақ туралы даналық сөздер білесіңдер ме?

**Аянат:** Ынтымақ - достықтың бірлігі.

**Жансұлтан:** Ырыс алды - ынтымақ.

**Нурислам:** Достық күші - бірлікте.

**А.Ерасыл:** Достық түбі - береке, береке түбі - мереке.

**М.Альтар:** Ел бірлігі - ел теңдігі.

**Т.Нұрасыл:** Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді.

**Би:** «Бипыл». Барлық қыздар.

**Жүргізуші:** Балалар, қане достарыңмен "Кім жылдам?" ұлттық ойынын ойнайық.

**"Кім жылдам?" ойыны.**

Балалар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі бала бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан педагог екеуінің аяғының арасына ұзыннан-ұзақ белбеу тастайды да «бір, екі, үш» деп санайды. «Үш дегенде кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені. Бұл баланың өз денесін еркін меңгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа балалар шығады. Ойын жалғаса береді. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс болады. Ең соңында жеңген екі бала қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады.

**Ән:** «Әрқашан күн сөнбесін».

**Жүргізуші:** - Болсын жер мен су да ортақ,

Болсын біздің ту да ортақ.

Ақпыз, қара, сарымыз,

Ағайынбыз бәріміз.- дей отырып, бүгінгі "Бірлік түбі - береке" атты іс-шарамыз соңына жетті.